

САБАҚ 4 Иса – Адамның Ұлы

Бүкіл ғаламда Иса – бірегей Тұлға. Ол Құдай және адам болғандықтан, бүкіл әлемде Ол секілді адам жоқ. Киелі Кітап осылай дейді.

Бірақ Иса неліктен адам болғысы келді? Оның осылай еткені бай адамның өте кедей болу үшін өзінің молшылықтағы үй-жайын қалдырып кеткеніне ұқсайды. Бұл, өзін сыйлағандар мен өзіне бағынғандарды қарғыс алып, жеккөрінішті болу үшін тастап кеткен билігі мол патшаға ұқсас.

Солай бола тұрса да Иса осылай етті және одан да зорын істеді. Ол Өзінің Құдай Өкесінің жанындағы құдайлық орнын өз еркімен тастап кетті. Ол ерікті түрде адам бейнесін қабылдады. Иса жердегі өмірінде Өзіне қатысты «Адамның Ұлы» деген атты ең көп пайдаланды. Киелі Кітапта осы ат жетпіс тоғыз рет кездеседі.

Иса адам нәсіліне айналғанда не болды? Ол адам болғанда, Оның құдайлық болмысы бәсеңдеді ме? Егер Ол Құдай болып қала берсе, Ол шын мәнінде адам бола алар ма еді?

Осы сабақта біз Киелі Кітаптың осы мәселелер жөнінде не дейтінін қарастыратын боламыз. Біз оқып білетін ақиқаттар өте маңызды. Біз өзіміздің құтқарылуымыз Исаның толығымен Құдай болғандығына ғана емес, сонымен қатар Оның толығымен адам болғандығына да байланысты екендігін танып-білеміз.

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

А. Құдай Ұлының қалай адам болғаны жайында.

Ә. Құдай Ұлының неліктен адамға айналғаны жайында.

Осы сабақтың мақсаты

1. «Адам Ұлы» деген атақ Исаның кім екенін қалай ашып көрсететінін түсіндіру.
2. Исаның жер бетіне адам ретінде келуінің төрт себебін көрсетіңіз.

А. Құдай Ұлының Қалай Адам Болғаны

Мақсат 1. «Адам Ұлы» деген атақ Исаның кім екенін қалай ашып көрсететінін түсіндіру.

Оның тэнге айналуы

Тэнге айналу деген түсінік түпнұсқада екі сөзден: тэн және ену деген сөздерден тұрады. Құдай әлемге адам тәнімен келді. Иса Мәсіх – Құдайдың Ұлы, тэнге айналған Құдай, адамдық болмысқа оранған құдайлық болмыс.

Адам Ұлы деген атақ дәл осы Исаның тэнге айналып, Оның адамзат өкілі ретінде қызмет етуі туралы айтады.

Адам Ұлы – Көне Келісімдегі пайғамбарлық сөздерде кездесетін Мәсіхтің аты. Еврей тілінде бұл *Бен Адам* ретінде естіледі. Бұл, Адам Атаның Ұлы, Адам Ұлы немесе Адамзаттың Ұлы деп аударылады. Бұл Исаның төрт сипаттамасын көрсетеді:

1. Иса шынайы адам болды. Оның денесі Құдайдың бізге келген алдамшы бейнесі емес. Оның болмысы нағыз адами болмыс еді.

2. Иса – Адам атаның Ұлы — Адам ата мен Хауаға уәде етілген әйелдің ұрпағы – шайтанды жеңіп шығатын олардың тұқымы.
3. Иса – Адам атаның Ұлы, бүкіл адамзатқа тиесілі. Ол тек бір ұлтқа, бір уақытқа немесе бір жерге емес, бүкіл адамзатқа тиесілі Мәсіх.
4. Иса бүкіл адамзаттың нағыз өкілі болғандықтан ғана өтей алатын Өзіне жүктелген міндет үшін жерге келді.

Ол пәк қыздан туылды

Қандай жағдайлар арқылы Құдайдың Ұлы Адам Ұлына айналды? Ол барлық адамдар секілді туылуы керек еді және Ол дәл осылай туылды да. Алайда бір өте маңызды ерекшелік болды. Исаның тәндегі анасы болғанымен де, Оның Әкесі Құдайдың Өзі болды. Ишя пайғамбардың пайғамбарлық сөзіне сәйкес пәк қыздың бойына біту кереметі арқылы Құдай адам ретінде адамдар арасында өмір сүру үшін дүниеге келді.

Лұқаның дәрігер болғанын білеміз, ол фактілерді зерттеп, Исаның тууы туралы былай деп жазды:

«Алтыншы айда Құдай Жәбірейіл періштені Ғалилея аймағының Назарет қаласындағы бір қызға жіберді. Қыздың есімі Мәриям болатын, ол (Исраил елінің ежелгі патшасы) Дәуіттің әулетінен шыққан Жүсіп есімді жігітке айттырылып қойылған еді. Періште үйге кіріп, оған: – Сәлем саған, Құдай жарылқаған жан, Жаратқан Ие саған жар! – деп тіл қатты».

«Мәриям періштені көріп, оның айтқан сөздеріне селк етіп, бұл қандай сәлемдесу деп ойланып тұрып қалды. Ал періште оған: – Қорықпа, Мәриям, саған Құдай рақымын түсірді. Енді құрсақ көтеріп, Ұл табасың, Оның атын Иса деп қоясың. Ол өте мәртебелі болып, Құдай Тағаланың рухани Ұлы деп аталады. Құдай Ие Оған арғы атасы Дәуіттің тағын сыйлайды. Иса Жақыптың үрім-

бұтағына мәңгі-бақи Патшалық құратын болады. Оның Патшалығының шегі болмайды, – деді».

«Сонда Мәриям: – Бұл қалай болады? Мен еркекпен жақындасқан емеспін ғой, – деп сұрады. Періште оған былай деп жауап берді: – Саған Киелі Рух қонып Құдай Тағала сая түсіргендей Өзінің құдіретін дарытады. Сондықтан да сен табатын Киелі Бала «Құдайдың рухани Ұлы» деп аталмақ.... Себебі Құдайдың ешбір сөзі де жүзеге аспай қалмас! – Сонда Мәриям: – Мен Жаратқан Иенің күңімін; айтқаныңыз болсын! – деді. Бұдан кейін періште оның қасынан ғайып болды».
(Лұқ 1:26-35, 37-38).

Мағай, Исаның шәкірттерінің бірі, Мәриямның болашақ жары Жүсіп оның жүкті екенін білгенде не болғандығын әңгімелейді.

«Болашақ күйеуі Жүсіп әділ кісі болғандықтан, қалыңдығын ел алдында ұятқа қалдырмау үшін ешкімге білдірмей келісімдерінен бас тартпақ болды. Бірақ ол осыны ойлап жүргенде Жаратқан Иенің періштесі түсінде аян беріп: «Дәуіттің ұрпағы Жүсіп, қалыңдығың Мәриямға үйленуден шошынба! Себебі құрсағындағы Баласы Киелі Рухтан. Мәриям Ұл таппақ, Оның атын Иса деп қой, себебі Ол халқын күнәларынан құтқаратын болады», – деді».

«Мұның бәрі Жаратқан Иенің (Ишя) пайғамбар арқылы алдын ала айтқанының жүзеге асуы үшін солай болды. Ол былай деген: «Біліп ал, пәк қыз құрсақ көтеріп, Ұл туады. Оған Имануил, яғни «Құдай бізбен бірге» деген ат қояды».

«Жүсіп оянып, орнынан тұрғаннан кейін Жаратқан Иенің періштесінің бұйрығын орындап Мәриямға үйленді. Ал Мәриям босанып, Ұлын тапқанша, Жүсіп онымен

жақындасқан жоқ. Нәресте дүниеге келгеннен кейін Оның атын Иса деп қойды» (Мат 1:19-25).

Иса адам болды деу Құдай бүтіндей адамға айналып, Құдай болуын доғарды дегенді білдірмейді. Құдайдың Ұлы Құдай болып қала берді. Бірақ Ол Адам Ұлы болған кезде, оған дейін ешқашан болмаған нәрсе іске асырылды: Құдай болған Ол адамның болмысын қабылдады. Адамның болмысы мен Құдайдың болмысы бір жан мен тұлғада – Иса Мәсіхте, нағыз Құдайда және нағыз адамда мінсіз бірікті. Осы оқиға тәнге айналу деп аталады.

Тапсырма

1 «Адам Ұлы» атағы Исаның ... көрсетеді.

- а)** адам нәсілінің толыққанды мүшесі болғанын
- ә)** жердегі адамдардан – әке мен анадан туғанын
- б)** алғашқы адам Адам атаның ұлы болғанын

2 Құдайдың Ұлы қалай адамға айналды?

- а)** Адам бола алу үшін Ол Құдай болудан мүлдем бас тартты.
- ә)** Ол жерге келіп, біраз уақыт адам қалпында өмір сүрді.
- б)** Ол Киелі Рухтың көмегімен пәк қыз Мәриямның бойына бітіп осы дүниеге келді.



Ол адамға тән шектеулерді қабылдады

Нағыз адам және біздің өкіліміз болу үшін Иса Өзін ... дейін шектеді:

1. Адами денеге және адам жаратылысына
2. Адамдар арасындағы өмір сүру жағдайларына
3. Баршаның қолы жетерлік рухани мүмкіндіктерге

Адамдық дене мен жаратылыс. Иса Өзінің өлмес қалпын шетке ысырып қойып, адам кейпін барлық әлсіздіктерімен бірге қабылдады. Ол Өзін ауруларға, азап шегуге және өлімге ашып

берді. Ол жиі-жиі аштыққа ұшырады, шөл сезінді және шаршап-шалдықты. Ол қайғы-мұң мен көңіл қайтуды басынан өткеріп, өкініш пен қайғы-қасіреттің не екенін білді. Ол адамға тән қуаныштар мен қорқыныштарды бастан кешті.

Адамдар арасындағы өмір сүру жағдайлары. Әлемді Жаратушы Өзін Өз билігінен айырып, қауқарсыз сәбиге айналды. Бүкіл даналық пен тәлімнің көзі мектепке барып, оқуды, жазуды және Құдай Сөзін тануды үйренді. Ол ағаш ұстасы болып жұмыс істеді. Ол періштелер Өзіне табынған даңқты тағын тастап, мазаққа айналатын, қудаланатын, жазғырылатын – Өзінің өмірін басқалар үшін қызмет етуге және құрбандық етуге арнаған қарапайым қызметшіге айналды.

Рухани мүмкіндіктерге баршаның қолы жетерлік. Иса Өзін бәрімізге қол жетімді рухани күш және әдістерден шектеу арқылы бізге Құдайдың үлгілерін көрсетіп берді. Ол мінажат етті, әрі Құдай Оның мінажаттарына жауап беріп отырды. Құдайдан күш пен билік алуда Ол Құдайға тәуелді болды. Ол Құдай үйіне келіп, Оның Сөзін оқыды. Шайтан Оны күнә жасауға азғырғанда, Иса сол жағдайға байланысты Киелі Кітаптан үзінділер келтіріп қарсы тұрды. Ол адамдарға Өзінің ғажайып істерінің барлығы Құдайдан келіп және Өзінің тәлімдерінің тек Құдайдың Өзіне айтуға бұйырғандардан ғана тұратынын айтты.

Пауыл Філіпіліктерге сөзін арнай отырып, біздің Құтқарушымыз болу үшін Иса Өзін Құдай еркіне бағындырғандықтан, Құдай Оны қалай құрметтегенін және құрметтей беретінін суреттеп берді.

Флп 2:6-11. «Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра,

Ол Онысына жармасқан жоқ, қайта,


Өз құдіреті мен салтанатты ұлылығынан

Бас тартып, қабылдады құлдың сиқын:

Ол адам секілді бұ дүниеге келді,

Әрі кәдімгі адамға ұқсап көрінді.

Өзін төмен тұтып, Құдайға мойынсұнды,
Өлімге, тіпті айқыштағы өлімге бойсұнды».



«Сондықтан да Құдай Оны көкке көтерді,
Оның мәртебесін бәрінен де биіктетті,
Оған бар есімнен жоғары Атақты сыйлап берді:
Енді естігенде Исаның Атағын
Көктегі, жердегі, жер астындағылардың
Бәрі де тізе бүкпек Оның алдында
және Иса Мәсіхті тіл атаулы барлығы да
Жаратқан Ие деп ашық мойындауға
Тиіс һәм Құдай Әкенің даңқын арттыруға».

Тапсырма

- 3** Төменде Исаның төрт ісі келтіріледі. Иса бізге өзіміздің рухани өміріміз үшін құдайлық үлгіні берген екі жауаптың алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Құдайдан күш пен билік алуда Ол Құдайға тәуелді болды.
ә) Ол Өз өмірін біздің күнәларымыз үшін құрбандыққа берді.
б) Ол Құдайдың Сөзін үйренді.
в) Ол пәк қыз Мәрияманнан туылды.

- 4** Флп 2:6-11 аяттарына сәйкес Құдай Исаның атағын жоғарылатты, өйткені Ол...
- а)** көптеген кереметтер жасап, табиғатқа Өзінің билігі жүретінін көрсетті.
 - ә)** бізді құтқару үшін Өзі айқыштағы өлімге бойсұнды.
 - б)** адамдарға мінажат ету мен ораза ұстау ережелерін үйретті.



Ол мінсіз өмір сүрді

Иса мінсіз өмір сүрді. Онда кінә немесе құмарлықтар болған жоқ. Иса есейе келе басқа жас балалар мен жігіттер сияқты барлық азғыруларға тап болды, бірақ Ол Өзін таза, адал, пәк сақтады – Құдайға және өзге адамдарға деген сүйіспеншілікке толы қалпында қала берді. Иса күнәні жек көрді және оған қарсы шықты, бірақ та Ол күнәкарларды жақсы көрді. Адамдар Оны күнәкарлардың досы ретінде таныды. Солай бола тұра, Ол ешқашан да күнә жасамады. Ол күнәкарларды өзгертіп отырды. Ал олар Оны өзгертпеді.

Исаның мінсіз пәк өмірі Оның Адамның Ұлы ретіндегі міндетінің бір бөлігі болды. Адамзаттың өкілі ретінде Ол Құдай Иенің әрбір заңын орындады. Ол Құдайдың заңын сақтағандарға уәде етілген барлық игіліктерге – оларға берілетін мәңгілік өмір мен Құдай үйіндегі бақытты өмірге ие болу құқығына лайықты. Ол, біріншіден, біздің кінәмізді Өз мойнына алып, күнәларымыз үшін өлу және, екіншіден, Өзінің әділдігін (Құдаймен дұрыс қарым-қатынасын) және Құдайдың заңдарын орындайтындарға уәде етілген барлық игіліктерді бізге беру үшін біздің мінсіз Орынбасарымыз болды.

Шайтан Исаны күнә жасауға және Оны Өзінің міндетінен бас тартқызуға тырысып азғырды. Алайда Иса азғырулардың ешқайсысына көнбей, біздің құтқарылуымыз үшін Өзінің қызметін жалғастыра берді. Исаның ізгілігі зұлымдықты тек жоққа шығаруға ғана негізделген жоқ. Қайта Ол Өзін

Құдайдың еркіне мойынсұнуға бағыштады. Ол теріс іс жасаудан бас тартып қана қойған жоқ – Ол Өзін игі іс жасауға арнады. Ол тәнге айналған сүйіспеншілік еді және Ол Өзінің сүйіспеншілігін ісімен көрсетті.

Иса Өзінің адамдарға қызмет етуін 30 жасында бастады. Ол адамдарға Құдай туралы және адамдар қалайша Оның Патшалығына кіре алатындығы туралы тәлім берді. Ол әлемдегі ең ұлы Пайғамбар және ең ұлы Ұстаз болды. Небәрі қол тигізумен немесе бұйрық берумен ғана Ол жүздеген ауру адамдарды сауықтырып отырды.

Күнәкарлар Оған келіп кешірімге, тыныштыққа және күнәларынан тазарып, Оның сүйіспеншілігіне толы тамаша жаңа өмірге ие болды.

Елш 10:38. «Құдай Өзінің Киелі Рухы мен құдіретін назареттік Исаға дарытты. Ол игі істер жасап, шайтанның құрсауындағы адамдарды азат етіп сауықтырып, ел аралап жүрді, өйткені Құдай Оған жар болды».

Бірақ Исаның кезіндегі дін басылар Оған қысым көрсетіп, Оны Мәсіх ретінде мойындаудан бас тартты. Олар Оған жалған кінә тағып, Оны айқыш ағашқа шегелетті (бұл, Ишяя пайғамбардың пайғамбарлық сөзіне сәйкес болды). Ол кәдімгі қылмыскер секілді екі қылмыскердің ортасында айқыш ағашқа шегеленді. Өзі құтқаруға келген адамдар Исаны Ол өлгенше мазақ етті. Осыған қарамастан, Иса оларды жақсы көрді және мінажат етті:

Лұқ 23:34. «Сонда Иса (көктегі Әкесіне сиынып): «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді», – деді».

Исаның мінсіз өмірі қабірмен аяқталмады. Құдай Әке Оны үшінші күні қайта тірілтті. Жерде тағы қырық күн болып, Ол көкке қайтып кетті, қазір Ол көктегі біздің Өкіліміз болып

табылады. Күндердің бір күнінде Ол әлемді мінсіз әділдікпен және мәңгілік бейбітшілікте басқару үшін жерге қайтып оралады.

Тапсырма

- 5** Иса ... арқылы сынақтан өтті.
- а)** басқа адамдардан оқшауланған өмір сүру
 - ә)** азғырудан бас тартып, оның орнына игілік жасау
 - б)** Өзінің адам екенін көрсету үшін азғыруларға берілу
- 6** Не туралы ойланып-толғанған жөн: Неліктен Исаның мінсіз пәк өмірі сіздің жеке басыңыз үшін маңызды болып табылады?



Ә. Құдай Ұлы Неліктен Адамға Айналды

Мақсат 2. Исаның жер бетіне адам ретінде келуінің төрт себебін көрсетіңіз.

Неліктен Құдай адамға айналды? Неліктен Ол адам жаратылысын және тәни шектеулерді қабылдады? Неліктен тәнге айналуы қажет болды? Біз барлық жауаптарды төрт сөзге біріктіре аламыз: 1) Ашылу, 2) Даярлық, 3) Орынбасар және 4) Келістіруші.

Ашылу

Иса Құдайдың қандай екенін бізге көрсету үшін адам ретінде өмір сүрді. Біз Оның бойынан Құдайдың мінезін көре аламыз. Исаны білу арқылы біз Құдайды біле аламыз.

Құдайдың Ұлы бізге мінсіз адамзат қалай болатынын көрсету үшін адам ретінде жерге келді. Исаның мінсіз өмірі мен мінезінен біз адамзатқа арналған үлгіні, потенциалды және бізге

арналған Құдайдың жоспарын көре аламыз. Ол – біз үшін үлгі. Ол – біздің сөзіміз, ойымыз және іс-әрекетіміздің стандарты. Ол біздің өмірімізден орын алып, бізді Құдайдың балалары еткенде, біздің қандай өмір сүре алатындығымызды көрсетеді. Исаның өмірі, сондай-ақ, Оған жүктелген міндетке сәйкес келетінін көрсетті. Оның күнәсіздігі Оның біздің Орынбасарымыз болуға лайықты екенін көрсетіп берді. Оның билігі, даналығы және сүйіспеншілігі Оның біздің Патшамыз болуға лайықты екенін дәлелдеп отыр.

Даярлық

Исаның адам ретіндегі өмірі Оның қызмет етуі үшін қажетті даярлық болды. Оның тәжірибесі Оны біздің Өкіліміз және біздің Төреміз рөліне даярлап, адамзат табиғатын түсінуге мүмкіндік ашты.

Иса біздің Бас діни қызметкеріміз болу үшін адам болуы қажет еді. Ол біздің әлсіздіктерімізді Өз басынан өткерді. Ол біздің мәселелерімізді түсінеді. Ол Өзінің азап шегуі арқылы мойынсұнудың құндылығын сезді. Иса жерде болған кезінде, Өзінің ізбасарлары үшін мінажат етті. Қазір де біздің мұқтаждықтарымызды терең түсіне отырып, Ол біз үшін көкте мінажат етуде.

Евр 2:17-18. «Сондықтан Ол барлық жағынан бауырластарына ұқсас болуға тиіс еді. Осылай Мәсіх Құдайға қызмет ететін қайырымды да адал Бас діни қызметкер болып, өз жанын халқының күнәларының құнын өтеу үшін құрбандыққа қиды. Өзі азап шегіп ауыр сынаққа төзген Ол сынақтан өтіп жатқан бізге де көмектесе алады».

Евр 4:14-16. «Сонымен сенімімізді берік ұстанып, оны тапжылмастан мойындайық. Көкке көтеріліп кеткен зор мәртебелі Бас діни қызметкеріміз – Құдайдың рухани Ұлы Иса бар. Ол бізге жаны ашымайтын, осал

жақтарымызды түсінбейтін діни қызметкер емес, қайта, өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ. Ендеше рақымы мол Құдайдың тағына нық сеніммен жақындап, өтініштерімізді білдірейік. Осылай көмекке мұқтаж кездерімізде Оның мейірімділігі мен рақымына ие боламыз».

Исаның адам ретінде өмір сүру тәжірибесі Оны адамдарды басқаруға даярлады. Адам Ұлы – Адам ата нәсілінің мінсіз өкілі – адамзаттың Билеушісі болады. Ол мінсіз Патша болады, өйткені Ол бізге дәл ненің керек екенін біледі. Ол біз үшін өлгендіктен, Оның біздің өмірімізде басшылық етуге құқы бар. Қазір Ол Өзін қабылдағандардың өмірінде Патша ретінде билік құруда. Күндердің бір күнінде Ол Өзін өлімге қиған әлемді басқаратын болады.

Дан 7:13-14. «Мен сол түні көріп жатқан көріністерде кенеттен адам баласына ұқсайтын Біреудің аспандағы бұлттармен келе жатқанын байқадым. Ол мәңгі жасап келе жатқан тірі Тәңір Тағалаға жақындап келіп, Оның алдына әкелінді. Оған құдірет, салтанатты ұлылық және патшалық билік тапсырылды. Барлық халықтар, ұлттар мен тілдердің адамдары Оған бой ұсынып құрмет көрсетуге тиіс болды. Ол ешқашан өшпейтін мәңгілік билік құрады, Оның патшалығы еш уақытта жойылмайды!»

Орынбасар

Иса кейін Өзінің жанын қию үшін осы дүниеге адам болып туылды. Бүкіл адамзат нәсілі күнә жасап, сондықтан әрбіреуіміз мәңгілік өлім жазасына тартылған болатынбыз. Құдай біздің жазамызды Өзіне алғанда ғана бізді құтқара алар еді. Бірақ Ол Құдай ретінде өле алмас еді. Сондықтан да Ол біздің орнымызға өліп, бізді күнәларымыздан құтқару үшін адам болып дүниеге келді.

Иса бізді тек айқыш ағашта алмастырып қана қойған жоқ. Ол өлімнен қайта тірілді, Өзін қабылдайтындарға Өзінің мәңгілік Патшалығынан орын ұсынады. Біз Құдайдың Ұлы ретінде Оның барлық құқықтарымен бөлісе алуымыз үшін Ол бізді Өзімен біріктірді.

Евр 2:9-11; 13-15. «Бірақ Исаның азапты өлім шеккені үшін Патша ретінде ғаламат салтанат пен құрметке бөленгенін көреміз. Ол біраз уақыт періштелерден төмен болып, Құдайдың рақымының арқасында күллі адамзат үшін жанын қиды. Тәңір Ие көптеген адамдарды күнәдан құтқарып, Өзінің рухани балалары етіп, құрметке бөледі; ал оларға құтқарылу жолын салған Мәсіхті азап шегуі арқылы кемелді Бастаушы етті. Бүкіл әлемді Өзі үшін жаратқан Құдайға осы лайық еді. Адамдарды Оған бағыштаған Мәсіх те, сол адамдар да бір Әкеден тарайды. Сондықтан да Мәсіх оларды бауырларым деп атаудан ұялмайды».

«Мен Оған сенімімді арта беремін» және: «Міне, Мен және Жаратқан Ие Маған сыйлаған (рухани) балаларым мұндамыз!». Тәңір Иенің рухани балалары ет пен сүйектен жаралғандықтан, Иса да ет пен сүйектен тұратын тәнді қабылдады. Осылайша Ол Өзінің құрбандық өлімі арқылы өлімнің әміршісін, яғни эзезіл шайтанды, жеңіп шықты, әрі өмір бойы өлімнен қорқып, шайтанның құлы болып жүрген адамдарды азат етті».

Келістіруші

Иса адамды Құдаймен татуластыру үшін адам болды. Күнә киелі Құдай мен бұзылған әрі қиқар адам арасында аттап өте алмайтын тұңғық күз қалап қойды. Алайда Құдайдың сүйіспеншілігі тұңғық арқылы көпір тұрғызып, адамды Құдайға қайтару үшін жол тапты. Иса Құдай мен адам арасында жаңа өсиет немесе келісім жасауда Келістіруші болу үшін келді.

Тім1 2:5-6. «Құдай – біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх. Бәрін күнәнің құлдығынан босату үшін Мәсіх жанын құрбан етіп, соның төлемін өтеді. Бұған дер кезінде куәлік берілді».

Жаңа Келісім заманында келістірушіні борышкер болған жақтың өкілі болу және оның істерін басқаруды өзіне алу үшін сот тағайындайтын еді. Келістіруші осы борышкер болған кісінің барлық қарыздарын толық өтеп беруді өз жауапкершілігіне алған. Ал егер борышкер болған кісінің мүлкі мен қаражаты оның барлық қарыздарын төлеуге жеткіліксіз болса, келістіруші оны өзі төлейтін.

Исаны сипаттау үшін қандай тамаша суреттеме десеңізші! Ол – Құдай алдындағы біздің Келістірушіміз. Оның өлімі біздің барлық қарыздарымызды, яғни күнәмізді жапты және Оның арқасында біз Құдайдан алшақтататын күнә мен кінәдан азатпыз. Оның айқышы тұңғықтың екі жағын жалғастырып тұр. Ол бізге жаңа жаратылыс – Өзінің жаратылысын беріп, бізді Құдайдың балалары етеді. Біздің адами жаратылысымызды қабылдап, Иса бізді түсініп, жақсы әлемге қарай жетелейді. Құдайдың Ұлы біздің де Құдайдың баласы бола алуымыз үшін Адам Ұлы болды.

Ғал 4:4-5. «Ал Құдай белгілеген уақыты жеткенде Өзінің рухани Ұлын жіберді. Ол бір әйел арқылы дүниеге келіп, Таурат заңы үстемдік етіп тұрған халықтың арасында сол заңға бағынғандарды босатып, Өзінің рухани балалары ету үшін келді».

Пет1 3:18. «Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнәларымызға бола біржола құрбан болды. Сонда Мәсіх тәнінде өлтірілді, ал рухани денемен қайта тірілді».

Тапсырма

- 7** Кейбір адамдар қандай да бір мәселе жөнінде сиынбайды, өйткені олар Құдай өздерін түсінбейді немесе Оның жаны ашымайды деп есептейді. Олардікі дұрыс па, әлде бұрыс па? Неліктен?
- 8** Иса Мәсіх – Құдай мен адамзат арасындағы жалғыз Келістіруші, өйткені Ол – ... жалғыз Тұлға.
- а)** Құдай бізді Өзінің балалары ретінде қабылдауы үшін біздің күнәларымыз үшін өлген
- ә)** Өзінің ізбасарларын Құдай туралы көптеген нәрселерге үйреткен
- б)** бізге үйлесімділік пен бейбітшілікке жету үшін жұмыс істеуіміз керектігін көрсеткен
- 9** Құдай Ұлы төрт себептен адам болды. Төменде оң жақтағы Құдай Ұлының неге адам болу себебін түсіндіретін сөздің санын осы сөздің мағынасын түсіндіретін сөйлемнің алдына жазыңыз.
- | | |
|---|----------------|
| ... а Құдай мен адамдар арасында көпір болу. | 1) Ашылу |
| ... ә Біздің орнымызға өлу. | 2) Даярлық |
| ... б Азғыруға түскендерге көмек көрсету. | 3) Орынбасар |
| ... в Адамзатты билеу құқығын беру. | 4) Келістіруші |
| ... г Бізге Құдайдың қандай екенін көрсету. | |

Жаңа Келісімнің өн бойынан бізге Құдайдың мақсаты туралы айтатын және Исаның неліктен Адамның Ұлы болғанын түсінуге көмектесетін аяттарды кездестіреміз. Иса осы аяттардың барлығын жинақтап былай дейді: Лұқ 19:10. «Өйткені Мен тура жолдан адасып кеткендерді іздеп, құтқаруға келдім».

Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 5 ә)** азғырудан бас тартып, мұның орнына игілік жасау.
- 1 а)** адам нәсілінің толыққанды мүшесі болғанын.
- 6** Сіздің жауабыңыз: Исаның мінсіз пәк өмірі маңызды, өйткені сол арқылы Ол сіздің мінсіз Өкіліңіз және Орынбасарыңыз болады.
- 2 б)** Ол Киелі Рухтың көмегімен пәк қыз Мәриямның бойына бітіп осы дүниеге келді.
- 7** Сіздің жауабыңыз: Олардікі дұрыс емес, өйткені Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх жерде өмір сүрді. Ол басқа адамдар да кездескен мәселелерге кездесіп отырды. Қазір де Ол көкте бізді түсініп, бізге жаны ашиды және бізге көмектесе алады. Қазір сіз Құдайға Иса Мәсіх арқылы кез келген мәселелеріңіз жайында сиына аласыз. Ол сізге көмектеседі!
- 3 а)** Құдайдан күш пен билік алуда Ол Құдайға тәуелді болды.
- б)** Ол Құдайдың Сөзін үйренді.
- 8 а)** Құдай бізді Өзінің рухани балалары ретінде қабылдау үшін Ол біздің күнәларымызға бола өлген.
- 4 ә)** бізді құтқару үшін Өзін айқыштағы өлімге бойсұндырды.
- 9 а)** 4) Келістіруші
ә) 3) Орынбасар
б) 2) Даярлық
в) 2) Даярлық
г) 1) Ашылу